

**ЖШС «Жансая Нұрсая» балабақшасы меңгеруші жанындағы  
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы**

**№ 1**

Ырысты е/м

05.09.2022 жыл

Қатысуға тиіс: 16

Қатысқаны: 14

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.**
- 2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.**
- 3. Жұмыс уақытысымен сабақ кестесін құру.**
- 4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.**

**Тыңдалды :**

**1 – мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

**2 – мәселе** бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

**3 – мәселе** бойынша балабақша әдіскері Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Аққу» тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сауат ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

### **Шешімі:**

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

**Кеңес төрайымы:**

**Е.Н.Есенбаева**

**Хатшы:**

**С.Түкербеева**



**ЖШС «Жансая-Нұрсая» бөбекжай балабақшасының меңгеруші  
жанындағы**

**2022-2023 оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы**

**№ 2**

Ырыстые/м

02.01.2023 жыл

қатысуға тиіс: 16

қатысқаны: 14

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.**
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.**
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.**
- 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.**

**Тыңдалды :**

**1 – ші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

**2 – ші мәселе** бойынша әдіскер топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

**3 – ші мәселе** бойынша балабақша медбикесі 2022 – 2023 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа

да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

**4 – ші мәселе** бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Үлкен топтарда варитативтік сабақтар өз уақытында өткізілгендігін айтты. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

### **Шешімі:**

- 1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.**
- 2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту жұмыстарына қосымша инновациялық жоспарлар жасалынсын.**
- 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу базыттары нақтылансын.**

4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылсын.

Кеңес төрайымы:  Г.Н.Есенбаева

Хатшы:  С.Туқирбаева



**ЖШС «Жансая Нұрсая»бөбекжай балабақшасы    менгеруші  
жанындағы**

**2022-2023оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы**

**№ 3**

**Ырысты е/м**

**14.05.2023**

**Қатысуға тиіс: 15**

**Қатысқаны: 12**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі.
- 2.Балалардың жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы білім деңгейі
- 3.Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы.

1– ші мәселе бойынша әдіскер оқу-іс-әрекетінде мемлекеттік тіл қазақ тілінің қаншалықты маңызды екендігін айта отырып, барлық топтарда осы мақсатта қазақ тілінің дұрыс жүргізілуіне қатаң көңіл бөлетіндігін айтты. Сол мақсатта топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің қазақ тілі – ана тілі -мәртебем сынды іс-шаралар өткізуге кеңестер бергендігін ескертті. Және оның жүргізілуін бақылауды өзіне қалдырығандығын айтты.

Қыркүйек айының 22- күні барлық топтарда тіл мерекесіне байланысты , ашық іс-шаралар ұйымдастырылып, ертеңгіліктер өткізілді. Сондай-ақ , бұл іс-шараларға ата-аналарда барынша қатысып, белсенділік танытты. Сонымен бірге, барлық топтарда , түстен кейінгі уақыттарда мәнерлеп оқу , ертегілер еліне сынды қосымшап жұмыстар жүргізіліп, тіл мәдениеттін балаларға жеткізіп отырғандығын айтып өтті.

2 – ші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшадағы Қоршаған ортамен танысу оқу іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылады. Осы мақсаттарда ересектер тобындағы бүлдіршіндер жануарлар әлеміне саяхат жасап, аңдармен ,жанураларды жеке танысып, тоқталып өтті. Естиярлар топ бүлдіршіндері жабайы және үй жануарлын ажырата білетіндігін көрсете біледі. Сондай-ақ

оқу –іс әрекеті кезінде ғана емес , ертеңгілітерде ертегі арқылы да , түрлі қойылым арқылы да көрсетіп, үйреніп жүр.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі балабақшадағы сауықтыру шараларын өткізу әдісіне тоқталып өтті . Барлық топ бойынша таңертеңгілік жаттығулардың жүргізілу барысын бақылағандығын айтты. Балабақшадағы дене жаттығулары мынадай түрлерге бөлінеді: таңертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың бойын сергітіп, жақсы көңіл күй сыйласа, қимылды ойындар балалардың ақыл – ой дамытады. Сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал таңертеңгі жаттығулар. Күнделікті белгілі бір уақытта әр топ балаларының жас ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жаттығу ұйымдастырылады. Саяхат сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Айта кететін болшақ «Біз саяхатқа шығамыз» атты , экскурсия сабақтары , «менің ауылым » сынды саяхат сабақтары жүргізіліп отырады.

### ***Шешімі:***

1. Жасалынған бақылау жұмыстары «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Қоршаған орта оқу-іс-әрекетін бағдарламалық талаптардың орындалуын бақылауын балабақша әдіскері тапсырылып, жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.
3. Балаларға сауықтыру шараларын тұрақты түрде жүргізілуін қадағалау балабақша медбикесі және топ жетекшілеріне , дене –шынықтыру нұсқаушыларына жүктелсін.

***Кеңес төрайымы: Т.Н.Есенбаева***

***Хатшы: С.Тукирбаева***

